

**2011 жылғы 1 тамыздағы сақтандыру нарығының
ағымдағы жағдайы**

Сақтандыру сыйлықақылары

2011 жылғы 1 тамызда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде жиналған көлемінен 19,%-ға көбейіп, 101 655,8¹ млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

млн. теңге

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.08.2010ж.		1.08.2011ж.		1.08.2010ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлес, %-бен	Сомасы	үлес, %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	85 132,5	100,0	101 655,8	100,0	19,4
Міндетті сақтандыру	19 840,3	23,3	22 919,9	22,5	15,5
Ерікті жеке сақтандыру	19 396,6	22,8	29 225,6	28,7	50,7
Ерікті мүліктік сақтандыру	45 895,5	53,9	49 510,3	48,7	7,9

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 15,5%-ға асып түсті, ерікті жеке сақтандыру бойынша өсу 50,7%-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша өсу – 7,9%-ды құрады.



2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 66,1% (15 148,8 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 25,6%

(5 874,7 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оларды жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, 2,9% (544,4 млн. теңге) тасымалдаушының жолаушы алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 5,6% түскен.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 20,2% (5 889,8 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 31,6% (9 248,6 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 7,1% (2 069,8 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 41,1% (12 017,4 млн. теңге) болып келеді.

ерікті мүліктік сақтандыруда – автокөлікті сақтандыру бойынша – 4,5% (2 240,5 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлікті, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 51,5% (25 500,6 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 13,4% (6 634,1 млн. теңге), басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша - 17,4% (8 616,0 млн.теңге) және басқалар бойынша – 13,2% болды.

¹ сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегергенде көрсетілген

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:


млн. теңге

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.08.2010ж.		1.08.2011ж.		1.08.2010ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлес, %-бен	Сомасы	үлес, %-бен	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	85 132,5	100,0	101 655,8	100,0	19,4
Өмірді сақтандыру	8 999,0	10,6	14 087,2	13,9	56,5
Жалпы сақтандыру	76 133,4	89,4	87 568,5	86,1	15,0


"Өмірді сақтандыру" саласы. 2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 14 087,2 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 56,5%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік күнде 2010 жылғы 1 тамызда 10,6%-ға қарсы 13,9% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2011 жылғы 7 айда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 87 568,5 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы осындай кезеңге қарағанда 15,0% -ға көп.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы, %



"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы, %



Қайта сақтандыру


Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 43 140,7 млн. теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 42,4%-ды құрады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінен 34,1% берілді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 14 564,7 млн. теңгені құрайды. Бұл ретте Қазақстан Республикасы резиденті еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 5 414,9 млн. теңгені құрайды.

млн. теңге


Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.08.2010ж.		1.08.2011ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	41 934,0	49,3	43 140,7	42,4

резидент еместерге	38 248,7	44,9	34 639,5	34,1
резиденттерге	3 685,3	4,3	8 501,2	8,4
Резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған барлығы	5 550,7	6,5	5 414,9	5,3



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 85,9%, міндетті сақтандыру бойынша – 12,7%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 1,3% болды.

Сактандыру төлемдерінің құрылымы, %



Сактандыру төлемдері

2011 жылғы 7 айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 48,5%-ға көбейіп, 20 368,8² млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру бойынша өтеу есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 11,2% (2 284,9 млн. теңге) болып отыр.

млн. теңге

Сактандыру төлемдері	1.08.2010ж.		1.08.2011ж.		1.08.2010ж. салыстырғандағы өзгеріс
	сумма	доля, %	сумма	доля, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	13 582,5	100,0	20 368,8	100,0	50,0
Міндетті сақтандыру	5 172,3	38,1	6 415,5	31,5	24,0
Ерікті жеке сақтандыру	6 760,1	49,8	10 979,7	53,9	62,4
Ерікті мүліктік сақтандыру	1 650,2	12,1	2 973,6	14,6	80,2

2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

в міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 55,0% (3 529,1 млн. теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша 42,2% (2 710,2 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 2,0% (127,4 млн. теңге) және басқалар бойынша – 0,8% болды;

² сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетілген

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 41,1% (4 516,7 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 2,4% (267,0 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 55,2% (6 060,0 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша – 1,2% (136,0 млн. теңге) болды;

ерікті мүліктік сақтандыруда – жүктерді сақтандыру бойынша – 5,2% (155,5 млн. теңге), мүлікті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 34,5% (1 026,3 млн. теңге), автомобиль көлігін сақтандыру бойынша - 25,2 (750,5 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша - 11,2% (332,3 млн. теңге) және басқалар бойынша – 23,6% болды.

2011 жылғы 7 айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің ең көп көлемі аннуитеттік сақтандыру бойынша, төлемдердің жиынтық сомасының 29,8%-ы болды.

Сақтандыру нарығы жөнінде жалпы мәліметтер

2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығында 38 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 7 - өмірді сақтандыру бойынша), 14 сақтандыру брокері және 82 актуарий өз қызметтерін лицензия негізінде жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	1.08.2010ж.	1.08.2011ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	40	38
өмірді сақтандыру бойынша	7	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	14	14
Актуарийлер саны	63	82

Есепті күнге 27 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылды.

Капитал. 2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 220 703,6 млн. теңге болды.

Қаржы көрсеткіштері	1.08.2010ж.	1.08.2011ж.	млн. теңге
			1.08.2010 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	332 781,6	365 375,3	9,8
Міндеттемелер	139 611,1	144 671,7	3,6
в оның ішінде сақтандыру резервтері	121 497,1	124 873,2	2,8
басқа да міндеттемелер	18 114,0	19 798,5	9,3
Меншікті капитал (баланс бойынша)	193 170,4	220 703,6	14,3


Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2011 жылғы 1 тамызда 365 375,3 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы 1 тамызда осындай көрсеткіштен 9,8%-ға көп, оның ішінде:

Активтер	1.08.2010ж.		1.08.2011ж.		1.08.2010 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Қолма-қол ақша	18 173,0	5,5	23 307,3	6,4	28,3
Орналасырылған салымдар	74 904,7	22,5	81 628,6	22,3	9,0
Бағалы қағаздар	137 646,7	41,4	175 308,7	48,0	27,4
«Кері РЕПО» операциясы	9 015,4	2,7	5 448,4	1,5	-39,6

Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	18 364,7	5,5	18 722,3	5,1	1,9
Негізгі қаражат	4 725,6	1,4	6 797,3	1,9	43,8
Қайта сақтандыру активтері	53 465,5	16,1	36 007,9	9,9	-32,7
Басқа дебиторлық берешек	10 971,5	3,3	8 771,9	2,4	-20,0
Басқа активтер	5 514,5	1,6	9 382,9	2,6	70,1
Активтер жиынтығы	332 781,6	100,0	365 375,3	100,0	9,8

Міндеттемелер. 2011 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелер сомасы 144 671,7 млн. теңге болды, бұл былтырғы жылдың осыған ұқсас күніне қарағанда 3,6%-ға көп.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 124 873,2 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы 1 тамызда қалыптасқан резервтердің көлемінен 2,8%-ға көп.



Сақтандыру нарығының шоғырлануы

5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 40,9%-ы және сақтандыру төлемдерінің 29,2%-ы келеді. Сақтандыру нарығының жиынтық активтеріндегі бес ірі сақтандыру компаниялардың үлесі 53,1% құрады.

Сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %-бен	1.08.2010ж.	1.08.2011ж.
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	43,7	40,9
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	53,4	53,6
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	34,6	29,2
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	36,6	45,6
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	54,0	53,1
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншікті капиталы	61,6	62,5

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері	1.08.2010ж.	1.08.2011ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	21 815,5	23 780,9 ³
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,39	0,43 ⁴
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,89	0,93
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,53	1,54
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	5 390	6 280

³ – деректер ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ресми сайтынан (Үкіметтің 2008 жылғы 26 тамыздағы отырысында мақұлданған 2009-2013 жылға Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму мен бюджеттік параметрлер болжамына енгізілген өзгерістерге сәйкес (Үкімет отырысының 26.08.2008 жылғы №32 хаттамасы)).

⁴ - 2011 жылғы қаңтар-шілде айларында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

⁵ – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша ҚР халқы 01.09.2010 ж. бойынша 16 189 667 адам.

